

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫНЫң НҰСҚАУЛЫГЫ

**Электрлік пеш
DEXP VN-4100**

Мазмұны

Құрылғының мақсаты	5
Сақтық шаралары	5
Техникалық сипаттамалары.....	6
Құрылғының сұлбасы	7
Пешті басқаруды реттегіш.....	7
Уақыт реттегіші мен шам	7
Пайдалану жөгіндегі нұсқаулық	7
Пеште пісіру	8
Торда қуыру	8
Тазалау және күтім жасау	8
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары.....	9
Қосымша ақпарат	10

Құрметті сатып алушы!

Сізге «DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағыныңız үшін алғыс білдіреміз. Біз Сізге сапаға, функционалдылықта және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп жасалған бүйімдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Құрылғыны пайдалануды бастар алдында осы нұсқаулықты мүқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңзеге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және бүйімды әрі қарай пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты

Электрлік пеш - тамақ пісіруге арналған қыздырғыш құрал.

Сақтық шаралары


- Құрылғыны қосар алдында онда көрсетілген кернеудің жерге тұйықталған жергілікті электр желісінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Ұыстық элементтер мен өнімдерге қол тигізбеніз. Ұыстықта төзімді қолғаптар немесе ұстағышты пайдаланыңыз.
- Балалардың жаңында құрылғыларды пайдалану кезінде абай және мүқият болыңыз.
- Электр тоғымен зақымданудың алдын алу үшін құрылғыны, баусымды, айырды суға және басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
- Қуат көзінің баусымы беттің (мысалы, үстелдің) шетіндегі ілініп тұрмағанына көз жеткізіңіз. Баусымның ұыстық бетке және өткір жиектерге тимейтініне көз жеткізіңіз.
- Ақаулық немесе сымның зақымдануы туындаған жағдайда құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны өзіңіз жөндеуге тырыспаңыз. Құрылғының жұмысында қандай да бір ақаулар анықталса, оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз және үекілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Біліктілігі жоқ адам жүргізген жөндеу пайдаланушы үшін өте қауіпті жағдайларға әкелуі мүмкін.
- Құрылғыны жылу көздеріне (жылытқыштар, радиаторлар және т. б.), ұыстық беттерге (электр немесе газ плиталары) жақын қоймаңыз.
- Құрылғыны қолданған кезде ауаның қалыпты айналымы үшін құрылғының әр жағынан кемінде 10 см және құрылғының үстінен 30 см бос кеңістік қалдырыңыз.
- Егер құрылғы пайдаланылмайтын болса және тазалар алдында, оны қуат көзі желісінен ажыратып жүріңіз.
- Құрылғының бөлшектерін орнатар немесе шешіп алар алдында, сонымен қатар құрылғыны тазартар алдында оны салқындастыңыз.
- Құрылғыны қуат көзі желісінен ажыратқан кезде айырды қолыңызben ұстаңыз, электр баусымынан тартпаңыз.
- Орынның ауыстырғанда, науаны, торды алу кезінде немесе ұыстық май мен басқа да ұыстық сұйықтықтарды көдеге жаратқанда ерекше сақтық танытыңыз.

- Жұмыс істеп түрған құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.
- Қызып кетпес үшін пештің қандай да бір бөлігін металл фольгамен жаппаңыз.
- Құрылғының беттерін металл ысқыштармен тазалауға тыйым салынады, олар тығыздығыштарды зақымдауы және электр тоғымен зақымдану қаупін тұдышу мүмкін.
- Құрылғы балалардың және денелік, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектелген тұлғалардың пайдалануына арналмаған, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа тұлғалар бақылау жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда. Балалардың құрылғымен ойнамауын қадағалаңыз. Қосулы құрылғыны жеңіл тұтанғыш заттар мен материалдардан алыс ұстаңыз.
- Пешке келесі материалдарды салуға тыйым салынады: картон, пластик, қағаз және т. б.
- Пеште өндіруші ұсынабған заттарды немесе аксессуарларды сақтамаңыз.
- Үстық пештен заттарды алған немесе салған кезде үнемі ыстыққа төзімді қолғап киіңіз.
- Құрылғыны осы нұсқаулықта сипатталғаннан бөлек мақсаттар үшін пайдаланаңыз.
- Құрылғы тек қана үйде қолдануға арналған.

Техникалық сипаттамалары

- Улгісі: VN-4100.
- Көлемі: 42 л.
- Қуат көзі параметрлері: АС 220-240 В, 50 Гц.
- Пештің қуаттылығы: 2000 Вт.
- Таймер: дыбыстық дабылмен 90 минутқа.
- Температуралы реттеу: 100 °C-ден 250 °C дейін.
- Тот баспайтын болаттан жасалған қыздырғыш элементтер: 2 дана.
- қыздырудың 6 сатылы ауыстырып-қосқышы: өшірүлі / жоғарғы / төменгі / жоғарғы және төменгі / төменгі + конвекция / жоғарғы және төменгі + конвекция.
- Аксессуарлар: қаңылтыр таба (1 дана), тор (1 дана), қаңылтыр таба ұстағышы (1 дана), үгіндіге арналған науа (1 дана).
- Қолданылу саласы: тұрмыстық.


Құрылғының сұлбасы



1. Жарық индикаторы.
2. Ұақыт реттегіші.
3. Пешті басқаруды реттегіш.
4. Температура реттегіші.
5. Есіктің тұтқасы.
6. Топ.
7. Қаңылтыр таба.
8. Қаңылтыр табаға арналған ұстағыш.
9. Қыздырғыш элемент.
10. Есіктің төменгі жиегі.
11. Ұнтақтарға арналған астай.


Пешті басқаруды реттегіш

1. Өшіруп.
2. Жоғарғы қыздырыу.
3. Төменгі қыздырыу.
4. Жоғарғы және төменгі қыздырыу.
5. Төменгі қыздырыу + конвекция.
6. Жоғарғы және төменгі қыздырыу + конвекция.



Ұақыт реттегіші мен шам

- Ұақыт реттегіші орнатылған болғанда шам жанады.
- Егер ұақыт реттегіші орнатылмаған болса, шам жанбайды.
- Егер реттегіш күйінде орнатылған болса, пеш үздіксіз режимде жұмыс істейді.



Пайдалану жөгіндегі нұсқаулық

Алғашқы рет пайдаланар алдында

- Барлық аксессуарларды жұмсақ жуғыш құралмен жуыңыз және таза сүмен шайыңыз.
- Барлық аксессуарларды мұқият кептіріңіз және оларды пешке орнатыңыз.
- Максималды температураны орнатып, пешті 15 минут бойы қыздырыңыз. Бұл бөгде істерді жоюға мүмкіндік береді.

Ескерту: бірінші рет қолданған кезде электр пешінен жеңіл тұтін шығуы мүмкін, ол 10-15 минуттан кейін кетеді.

Пеште пісіру

1. Температура реттегішін қажетті температураға қойыңыз.
2. Пештің басқару реттегішін қажетті күйге бұраңыз.
3. Таймерді, сағат тілі бағытымен бұрап, қажетті пісіру үақытына қойыңыз.
4. Пештегі шам мен жарық индикаторы таймер орнатылғаннан кейін жанады және таймер «0» күйінде болған кезде сөнеді.
5. Пісіру үақыты аяқталғаннан кейін таймер автоматты түрде «0» күйіне ауысады, құрылғы дыбыстық сигнал береді.
6. Пісіруді аяқтағаннан кейін басқару реттегішін • күйіне қойыңыз және пешті өшіріңіз.
7. Жақсы нәтижеге жету үшін пешті алдын ала 10-15 минут ішінде қыздыру ұсынылады.

Торда қуыру

Бұл функция тағамдарды грильде пісіру үшін арналған.

1. Грильге арналған торды қаңылтыр табаға орнатыңыз.
2. Тағамдарды торға салыңыз және пеште жоғары күйде орнатыңыз. Тағамдарды мүмкіндігінше үстінгі қыздыру элементіне жақындастып, оған тигізбей қою керек (тамақ пен жоғарғы қыздыру элементінің арасына кемінде 2 см қалдырыңыз).
3. Пешті басқару реттегішін қыздыру элементінің жоғарғы қалпына қойыңыз.
4. Температура реттегішін 250 °C-ға қойыңыз.
5. Таймерді қажетті пісіру үақытына қойыңыз.
6. Пісіруді аяқтағаннан кейін басқару реттегішін • күйіне қойыңыз және пешті өшіріңіз.

Пайдалану аяқталғаннан кейін

- Таймерді «0» күйіне бұраңыз.
- Пешті басқаруды реттегішін сағат тілі бағытына қарсы • күйіне бұрыңыз.
- Құрылғыны желіден ажыратыңыз.
- Құрылғыны тазалар алдында оны толықтай салқындастыңыз.

Тазалау және күтім жасау

- Құрылғыны тазалар алдында құрылғының желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз және оны салқындастыңыз.
- Құрылғыны суға батырмаңыз және ағынды судың астында жуып-шаймаңыз.
- Құрылғының барлық беттерін ылғалды матамен сұртуге және қағаз немесе мата сұлғімен құрғатып сұртуге болады.
- Абразивті материалдарды, металл ысқыштарды пайдаланбаңыз және пеш пен аксессуарлардың беттерін қырмашыңыз, себебі бұл құрылғының жабынын зақымдайды және оны пайдалану мерзімін азайтады.
- Ішкі камераны таза ылғалды матамен тазалаңыз.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қоюды қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылдытылатын үй-жайларында ауаның 5 °C-ден 40 °C дейінгі температурасында және ауаның 80 %-тен аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында қамтамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғының тасымалдануы құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаш, лас, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғының өткізілуі КР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуи тиіс.
- Бұл бүйімді кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сай жүзеге асырылуы тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз ете отырып, Сіз қалдықтарды бақылаусыз шығару нәтижесінде қоршаған орта мен адамның денсаулығына келетін әлеуетті зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда дереу авторландырылған сервистік орталығына хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Фошань О-Макс Электрик Эплайенс Ко., Лтд.

№6 Нанълан өнеркәсіптік ауданы 2, Синтань, Шуньдэ, Фошань қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN» г. Нұр-Султан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Султан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-көңсе, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАӘО ТР 037/2016 «Электр техникасы және радиоэлектроника бүйімдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бүйімның сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын ала хабарлаусыз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Құрылғының жиынтықталуы алдын ала хабарлаусыз өзгеруі мүмкін.

Интернеттегі мекенжай:

www.dexp.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1

Жазбалар үшін

Жазбалар үшін

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ, материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік бедреті. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығының шарттарына сәйкес пайдаланылған бұйымның кепілдік мерзімі ішінде тұтынуышының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерін үәкілдетті сервис орталықтарының аумағында тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру үәкілдетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдік міндеттемелері және ақысыз қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, бұйым жиынтығына кіретін төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат көзі элементтері (батареялар).
- Біріктіру кабельдері, антенналар және оларға арналған өткізгіштер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртүрлі ақпарат тасығыштары, жиынтықта жеткізілетін бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, бұйымның қатты магниттік дискілерінде жинақтағышқа алдын ала орнатылған БЖ), сыртқы енгізу/шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасуға арналған баусымдар, монтаждау жабдықтары, саймандар, бұйымға қоса берілген құжаттама.
- Шығыс материалдар және табиғи тозуға ұшырайтын бөлшектер.



Өндірушіге келесі жағдайларда кепілдікті міндеттемелер жүктелмейді:

- Кепілдік мерзімі өтіп кетсе.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей мақсатына сәйкес келмейтін өзге мақсаттарда пайдаланылса.
- Өндіруші бұйым иесі және/немесе үшінші тұлғалар бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзы салдарынан, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету бойынша ұсынымдарды, бұйымды қосу (тиісті емес желілік кернеудің бұйымның өзіне де, онымен түйіндес бұйымдарға әсер етуінің нәтижесінде де пайда болған қысқа түйіктаулар), сақтау және тасымалдау ережелерін сақтамау салдарынан шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге зиян үшін жауапкершілік көтермейді.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: сынықтар, жарықшалар, деформациялар, соққылар іздері, майысқан жерлер және бұйымды пайдалану барысында болған т. б. зақымданулар.
- Бөгде турлендірулердің, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындағы жұмыстарды жүргізуге үәкілдеп емес адамдар жүргізуіндік іздері бар. Егер ақау конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту, Өндіруші қарастырмадан сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай әйкеестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер ақау еңсерілмейтін күш әсерінен (табиги апаттардан, өрттерден, су тасқындарынан, жер сілкіністерінен, тұрмыстық факторлардан және Өндірушіге байланысты емес өзге жағдайлардан), немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаған болса. Ақау бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына әкелген бұйымның ішіне бөтен заттар, бөгде денелер, заттектер, сұйықтықтар, жәндіктер немесе жануарлар түсінен, агрессивті орталардың, жоғары ылғалдылықтың, жоғары температуралардың әсерінен туындаған болса.
- Бұйымды сәйкестендіруі (сериялық немірі) жоқ болса немесе сәйкес келмесе. Егер ақаулықтар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық жасақтаманың әсерінен; БЖ жеткізушісінде осы қызметтерді ұсынудың болмауына байланысты оларды жою/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресустарына қолжетімділіктің болмауына әкелген құпиясөздерді (кодтарды) орнатумен, ауыстырумен немесе жоюмен туындаған болса.
- Егер жұмыс ақаулары қоректік, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің стандарттарына немесе техникалық регламенттеріне, радиосигнал құатына сәйкес келмеуінен, оның ішінде жер бедерінің ерекшеліктерінен және басқа ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымды желінің қамту шекарасында немесе аймағынан тыс пайдаланудан туындаған болса.
- Егер ақаулар стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапалы емес (зақымдалған) шығыс материалдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін, әртүрлі ақпарат тасығыштарын (CD, DVD дисқілерін, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаған болса.
- Егер кемшіліктер үйлесімді емес контентті (әуендер, графика, бейне және басқа файлдар, Java қосымшалары және оларға ұқсас бағдарламалар) алушыдан, орнатудан және пайдаланудан туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істеп тұрған басқа жабдыққа келтірілген шығынға.



www.dexp.club